

**2008 жылғы 1 мамырдағы
сақтандыру рыногының ағымдағы жағдайы**


Сақтандыру сыйлықақылары

2008 жылғы төрт айда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарымен тура сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі өткен жылдың осындай кезеңдегі жиналған көлемнен 10,6%-ға көп болып, 52 133,6 млн. теңге болды.

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі	01.05.2007ж.		01.05.2008ж.		01.05.2007 ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-бен Изменение по сравнению с 01.05.2007г., в %
	Сомасы Сумма	үлесі %-бен доля, %	Сомасы Сумма	үлесі %-бен доля, %	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	47 138,1	100,0	52 133,6	100,0	10,6%
Міндетті сақтандыру	4 782,0	10,1	7 676,4	14,7	60,5%
Ерікті жеке сақтандыру	5 043,2	10,7	7 923,3	15,2	57,1%
Ерікті мүліктік сақтандыру	37 312,9	79,2	36 533,9	70,1	-2,1%

Кестені қарағанда міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі өткен жылдың осындай көрсеткішінен 60,5%-ға өскені көрінеді. Ерікті жеке сақтандыру бойынша ұлғаю - 57,1%-ды, ерікті мүліктік сақтандыру бойынша кему - 2,1%-ды құрады.



2008 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша түскен сақтандыру сыйлықақыларының құрылымына қатысты мынаны айта кетуге болады:

міндетті сақтандырудағы – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 65,5% (5 030,9 млн. теңге) көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 25,3% (1 941,1 млн. теңге) - қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 2,6% (201,3 млн. теңге) - қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объект иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен және басқалар – 6,6%.

ерікті жеке сақтандырудағы – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 21,3% (1 687,3 млн. теңге) жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша түсімдер болды, 56,5% (4 475,5 млн. теңге) – аурулардан сақтандыру бойынша, 8,1% (643,6 млн. теңге) – өмірді сақтандыру бойынша, 14,1% (1 116,2 млн. теңге) – аннуитеттік сақтандыру бойынша болды.

ерікті мүліктік сақтандырудағы – 12,5% (4 582,3 млн. теңге) - басқа қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша, 43,0% (15 707,9 млн. теңге) – мүлікті сақтандыру бойынша (автомобиль, әуе, темір жол, су көлігін және жүктерді сақтандыруды қоспағанда), 28,9% (10 547,1 млн. теңге) – азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша (автомобиль, әуе және су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершіліктерін қоспағанда) және басқалар - 15,6%.

Сақтандыру салалары бойынша (life, non-life) жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі былайша көрініс алады:

Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсуі	<i>млн. теңге</i>				01.05.2007 ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	1.05.2007ж.		1.05.2008ж.		
	Сомасы	үлесі, %	Сомасы	үлесі, %	
Барлығы сақтандыру салалары бойынша	47 138,1	100,0	52 133,6	100,0	10,6%
Өмірді сақтандыру	1 490,0	3,2	1 759,8	3,4	18,1%
Жалпы сақтандыру	45 648,1	76,8	50 373,8	96,6	10,4%


"Өмірді сақтандыру" саласы. 2008 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша "өмірді сақтандыру" саласында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 1 759,8 млн. теңге болды, бұл өткен жылдың осындай күніне қарағанда 18,1%-ға көп. Жиынтық сыйлықақылардағы "өмірді сақтандыру" саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі есепті кезеңде 2007 жылғы 1 мамырда 3,2%-ге қарсы 3,4% болды.

"Жалпы сақтандыру" саласы. "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша 2008 жылғы қаңтар-сәуірде жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 50 373,8 млн. теңге болды, бұл 2007 жылғы осындай кезеңге қарағанда 10,4%-ға көп.

"Мірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру сыйлықтарының түсімдерінің құрылымы



"Жалпы сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру сыйлықтарының түсімдерінің құрылымы



Қайта сақтандыру


Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықтарының көлемі 24 279,1 млн. теңге немесе сақтандыру сыйлықтарының жиынтық көлемінің 46,6%-ы болды. Бұл ретте, резидент еместерге қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықтарының жиынтық көлемінің 40,5%-ы берілді.

Қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қабылдаған сақтандыру сыйлықтарының жалпы сомасы 8 237,9 млн. теңге болды. Бұл ретте, резидент еместерден қайта сақтандыруға қабылданған сақтандыру сыйлықтарының сомасы 5 097,1 млн. теңге болды.

млн. теңге

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықтары	1.05.2007.		1.05.2008.	
	Сомасы	жиынтық сыйлықтарындағы үлесі, %-бен	Сомасы	жиынтық сыйлықтарындағы үлесі, %-бен
Қайта сақтандыруға берілген барлығы, оның ішінде	27 183,4	57,7	24 279,1	46,6
резидент еместерге	18 973,2	40,3	21 104,3	40,5
резиденттерге	8 210,2	17,4	3 174,8	6,1
Резидент еместерден қайта сақтандыруға барлығы қабылданған	2 032,3	4,3	5 097,1	9,8

Елдер бойынша қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықтарының құрамы



Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықтарының жалпы сомасында негізгі үлесті ерікті мүліктік сақтандыру бойынша сыйлықтар алды – 95,3%, ерікті жеке сақтандыру бойынша – 0,4%, міндетті сақтандыру бойынша – 4,3% болды.

Сақтандыру төлемдері

2008 жылдың төрт айында жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі өткен жылдағы осындай кезеңмен салыстырғанда 67,0%-ға өсіп, 16 017,0 млн. теңге болды. Бұл ретте, қайта сақтандыру ұйымдарынан қайта сақтандыру жөнінде өтемақы есебінен сақтандыру төлемдерінің үлесі 3,8% (614,8 млн. теңге) болып отыр.

Сақтандыру төлемдері	1.05.2007ж.		1.05.2008ж.		1.05.2007ж. салыстырғандағы өзгеріс
	сомасы	үлесі, %	сомасы	үлесі, %	
Барлығы, оның ішінде мыналар	9 590,2	100,0	16 017,0	100,0	67,0%
Міндетті сақтандыру	1 847,1	19,3	2 383,9	14,9	29,1%
Ерікті жеке сақтандыру	1 048,8	10,9	2 426,1	15,1	2,3 есе
Ерікті мүліктік сақтандыру	6 694,3	69,8	11 207,0	70,0	67,4%


2008 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша жасалған сақтандыру төлемдерін қараған кезде мынаны айта кетуге болады:

міндетті сақтандыруда – көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша төлемдер 62,1% (1 479,5 млн. теңге) болды, 33,7% (802,4 млн. теңге) - қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша, 2,9% (68,3 млн. теңге) - өсімдік шаруашылығын сақтандыру бойынша және басқалар - 1,3% болды.

ерікті жеке сақтандыруда – 77,2% (1 873,5 млн. теңге) - аурулардан сақтандыру бойынша, жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша төлемдер 10,6% (256,4 млн. теңге) болды, 8,3% (202,3 млн. теңге) – аннуитеттік сақтандыру бойынша, 3,9% (93,8 млн. теңге) – өмірді сақтандыру бойынша болды.

ерікті мүліктік сақтандыруда – 84,6% (9 482,6 млн. теңге) - басқа қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша; 8,2% (920,1 млн. теңге) – автомобиль көлігін сақтандыру бойынша; 0,8% (97,0 млн. теңге) – мүлікті сақтандыру бойынша (автокөлік, әуе, темір жол, су көлігін және жүктерді сақтандыруды қоспағанда), басқалар – 6,4% болды.

Сақтандыру төлемдерінің құрылымы, %



2008 жылдың төрт айында жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасынан сақтандыру төлемдерінің мейлінше көп көлемі басқа қаржылық шығындардан сақтандыруға келеді, төлемдердің жиынтық сомасының 59,2% -ы болды.

Сақтандыру рыногы жөнінде жалпы мәліметтер

2008 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру рыногында 41 сақтандыру ұйымы (оның ішінде: 7 - өмірді сақтандыру бойынша), 12 сақтандыру брокері және 49 актуарий лицензиялық қызметті жүзеге асырды.

Сақтандыру секторының институционалды құрылымы	01.05.2007.	01.05.2008.
Сақтандыру ұйымдарының саны, оның ішінде	40	41
өмірді сақтандыру бойынша по страхованию жизни	5	7
Сақтандыру брокерлерінің саны	12	12
Актуарийлер саны	36	49

Есепті күнге 31 сақтандыру ұйымы «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-ның қатысушылары болып табылды.

Капитал. 2008 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталының жиынтық мөлшері 143,1 млрд. теңге болды.

млн. теңге

Қаржы көрсеткіштері	1.05.2007.	1.05.2008.	1.05.2007ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
Жиынтық активтер	150 627,4	260 831,9	73,2%
Міндеттемелер	59 953,9	117 685,1	96,3%
оның ішінде сақтандыру резервтері	49 686,6	102 267,4	в 2,1 раза
басқа міндеттемелер	10 267,3	15 417,7	50,2%
Меншікті капитал (баланс бойынша)	90 673,5	143 146,8	57,9%

Активтер. Сақтандыру ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 2008 жылғы 1 мамырда 260 831,9 млн. теңге болды, бұл 2007 жылғы 1 мамырдағы осындай көрсеткіштен 73,2%-ға көп, оның ішінде:


млн. теңге

Активтер	1.05.2007.		1.05.2008.		1.05.2007 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сомасы	үлесі, %	Сомасы	үлесі, %	
Ақша	5 667,1	3,8	5 989,6	2,3	5,7%
Орналастырылған салымдар	32 968,8	21,9	75 362,5	29,0	в 2,3 раза
Бағалы қағаздар	74 807,2	49,7	76 560,1	29,3	2,3%
«кері РЕПО» операциясы	12 802,8	8,5	24 678,6	9,5	92,8%
Сақтанушылардан және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары	13 460,3	8,9	23 021,3	8,8	71,0%
Негізгі қаражат	3 546,6	2,4	4 297,3	1,6	21,2%
Қайта сақтандыру активтері	-	-	38 880,7	14,9	-
Басқа дебиторлық берешек	4 219,0	2,8	6 993,2	2,7	65,8%
Басқа активтер	3 155,6	2,0	5 048,6	1,9	60,0%
Активтердің жиынтығы	150 627,4	100,0	260 831,9	100,0	73,2%

Міндеттемелер. 2008 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының міндеттемелер сомасы өткен жылдағы осындай күнмен салыстырғанда 96,3%-ға көп болып 117 685,1 млн. теңге болды.

Есепті күнге сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің көлемі 102 267,4 млн. теңге болды, бұл 2007 жылғы 1 мамырда қалыптасқан резервтер көлемінен 2,1 есе артық.

Активтерді, меншікті капиталды және сақтандыру резервтерінің динамикасы, млрд. теңге
Динамика активов, собственного капитала и страховых резервов, млрд. тенге



Сақтандыру рыногының шоғырлануы

Қаралған кезеңде сақтандыру сыйлықақылары және сақтандыру төлемдері бойынша сақтандыру рыногының шоғырлану деңгейінің өскені байқалады. 5 бірінші сақтандыру компанияларының үлесіне жиынтық сақтандыру сыйлықақыларының 49,6% және сақтандыру төлемдерінің 56,8% келеді.

Сақтандыру рыногы жиынтық активтеріндегі бес ірі сақтандыру компаниясының үлесі 53,5% құрайды.

Сақтандыру рыногының жиынтық көрсеткіштерінен үлес, %	01.05.07	01.05.08
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	57,4	49,6
Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	82,1	63,6
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	73,6	56,8
Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	86,5	73,1
Бес ірі сақтандыру компаниясының активтері	49,3	53,5
Бес ірі сақтандыру компаниясының меншіктік капиталы	52,0	54,7

Сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері

	01.05.2007.	01.05.2008.
ЖІӨ, млрд. теңге	10 140 ¹	15 249,4 ²
Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,46 ³	0,34
Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,89	0,94
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	1,49	1,71
Сақтандыру сыйлықақыларының халықтың жан басына шаққандағы қатынасы, теңгемен	3 081	3 357

Ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі дайындады.

¹ - Статистика агенттігінің 2006 жылғы деректері бойынша за 2006 год по данным Агентства по статистике

² - 2008 жылға Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің болжамдық деректері прогнозные данные Министерства экономики и бюджетного планирования Республики Казахстан на 2008 год

³ - 2007 жылғы қаңтар-сәуір айына қабылданған сақтандыру сыйлықақылары страховые премии, принятые за январь-апрель 2007 года